6. Гипотезаларды тексеретін жолдарын қарастырыңыз.

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты


Қорытынды нәтижелерді талдау. Мәліметтерді стандарттық процедуралар арқылы өңдеу және ұсыну

- мәліметтердің статистикалануы мен өңделуі;
- гипотезаларды тексеру;
- корреляциялық талдау.

2. Тапсырма


- мәліметтер, олардың түрлерін қарастыру;
- индуктивтік статистиканы сараптау,
- параметрикалық әдістерді өткізу;
- Стьюдент әдісін қолдану;
- корреляция коэффициентін талдау.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы




4. Схемалар мен графиктер

а) бір сигмаға арналған выборка көлемі



ә) екі сигма үшін выборка көлемі



5. Есептемелер (расчеттар)

Қатар мәліметтері (1-ы,...7-ы,...100-ы)

Сапалы мәліметтерді орта арифметикалық әдістер арқылы анықтауға болады

Мо фон үшін, мысалы, 15 тең (бұл нәтиже 14-15-16 орта қатарында төрт рет кездеседі)

Ме эксперименталдық топтағы фон үшін 10,11,12,13,14,14,15,15,15,15,17,17, 19, 20,21 құрайтын қатар тізімінің медианасы сегізінші мағынасына сай, ол дегеніміз он бес.

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum d^2}{n-1}} - \text{стандарттық ауытқу формуласы.}$$

$$t = \frac{M1^2 - M1^2}{m1^2 + m1^2} - \text{тәуелсіз выборканың орта айырмашылықтарын талдау үшін арналған формула}$$

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Жұмыс өте күрделі. Мәліметтердің стандарттық процедуралары, мәліметтердің статистикалануы мен өңделуі, гипотезалар қандай тексеруден өтетінін, корреляциялық талдау қалайша жасалынатынын ұйғардық.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 8

ЖҰМЫС АТЫ:

ЗЕЙІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Жұмыс мақсаты

1. Зейіннің негізгі жүйесі.
2. Іс-әрекет және зейін.
3. Зейіннің эксперименталдық зерттеулері.

Тапсырма

1. Зейін жүйелері.
2. Зейіннің негізгі феномендерін ашу.
3. Зейіннің негізгі функцияларын талдау.

Теориялық түсінік

Зейін – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылыс.

Зейін – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.

Доминанта – үстемдік ету. А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясы.

И.П. Павловтың «Қозудың оптималдық алабы» теориясы.

Зейіннің түрлері: ырықты, ырықсыз, үйреншікті.

Қызығу – ырықсыз зейіннің бұлағы.

Ырықсыз зейін физиологиялық тұрғыдан барлау рефлексінің нәтижесі болып табылады.

Ырықсыз зейіннің себептері: күшті тітіркендіргіштер, заттар мен құбылыстырдың жаңалығы мен қозғалысы; адамның сыртқы дүниедегі объектілерге қатынас жасауының дәрежесі (қызығу, қажетсіну).

Зейіннің аударылуы объектіден екінші объектіге назарымызды көшіру.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Зейін сананың ерекше бір сипаты болып табылады. Психикалық құбылыстар зейінге түрлеше әсер етеді. Сезім зейінді күшейте және бөліп жіберуге себепші.

Зейіннің көлемін анықтау үшін тахистоскоп әдісі қолданылып келді. Зейіннің физиологиялық негіздерін И.П. Павловтың ашқан жүйке процестерінің өзара индукция заңына байланысты түсінуге болады. Ми бір алабында күшті процесс болып жатқанда, айналасындағы алаптарға тежелу болады (теріс индукция заңы).

А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясы арқылы зейіннің физиологиялық негіздерін түсінуге де болады.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. К.Д. Ушинский. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі тандамалы пікірлері, 1951, 22-бет.
2. И.П. Павлов. Полное собрание сочинений. Т. Пч. Книга. I, М.- Л.: 1951, стр. 248.
3. А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясы.
4. И.П. Павловтың «Қозудың оптималдық алабы» теориясы.
5. Ы.Алтынсарин Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1955., 217- бет.

Жұмысты орындау реті

1. Зейіннің эксперименталдық зерттеулерін салыстыру.
2. Зейіннің негізгі феномендерін зерттеу.
3. Зейіннің негізгі функцияларын қарастыру.

Бақылау сұрақтары

1. Зейіннің физиологиялық негіздері.
2. Іс-әрекет пен зейін.
3. Зейін зерттеулеріндегі әдістемелік жолдар.
4. Ырықты зейін жүйелерінің зерттеу әдістерін ашып беріңіз.
5. Зейінді көрсететін объективтік көрсеткіштер өлшемдері.

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты


Зейін және оның эксперименталдық зерттеулері

- зейіннің негізгі жүйесі;
- іс-әрекет және зейін;
- зейіннің эксперименталдық зерттеулері.

2. Тапсырма


- зейін жүйелерін талдау керек;
- зейіннің негізгі феномендерін ашу қажет;
- зейіннің негізгі функцияларын талдау.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы



4. Схемалар мен графиктер

а) зейіннің қасиеттері



5. Есептемелер (расчеттар)

Ересек адамдар жұмыс үстінде зейіннің 40 минуттай бір объектіге тұрақтата алады. Адам бір мезгілде (секундтың 1/10 бөлігінде) орта есеппен әр түрлі 5-9 әріпті қамти алатынын, 12-14 әріптен тұратын мағынасы бар сөзді де осы мерзімде қамтитынын көрсетіп отыр.

Тест : зейінді- зейінсіз

Келесі сұрақтарға «ия» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз:

1. Зейінсіздіктің арқасында жие ұтыласыз ба?
2. Достарыңыз немесе таныстарыңыз әзіл-қалжындайды ма?
3. Бір уақытта айналаңызды тындап отырып, бір нәрсемен шұғылданаласыз ба? 4. Далада ақша немесе кілт тауып көрдіңізбе?
5. Жол көшесін өту барысында жан-жаққа қарап зейініңізді аударасыз ба?
6. Екі күн бұрын көрген фильмді детальды тұрғыда есіңізге түсіре аласыз ба?
7. Телевизорды қараудан, қызықты кітап немесе газет оқудан біреу аландатса, сізді бұл жағдай ашуландырады ма?
8. Дүкеннің кассасы алдында сол арада қайтарылған ақшаны санап тексересіз бе?
9. Үй ішінде керекті затты тез арада тауып аласыз ба?
10. Біреу далада сізді атаса селк етесіз бе?
11. Бір адамды басқа адаммен шатастырып алатындығыңыз болады ма?
12. Әңгімені қызықтап отырып аялдамаңызды өткізіп алдыңыз бе?
13. Өзіңіздің таныстарыңыздың туған күндерін көп ойланбай атап бере аласыз ба?

14. Ұйқыдан кейін жеңіл оянасыз ба?

15. Біреудің көмегісіз былтыр бір рет болған үлкен қаладағы ғимаратты (мұражай, кинотеатр, дүкен т.б.) тауып алаласыз ба?

2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 15 сұрақтарының «ия» жауаптарын, 1, 7, 10, 11, 12 сұрақтарының «жоқ» жауаптарын бір ұпаймен есептеңіз.

11 ұпай және одан жоғары. Сіз өте зейіндісіз. Ондай есте сақтау қабілетіңізге қызыға қарауға болады. Бұл қасиет көп адамдарға тән емес.

5 - 10 ұпайлар аралығы. Сіз зейіндісіз, ең маңызды заттарды ұмытпайсыз. Бірақ, кейбір жағдайларда алаңдаушылық пайда бола отырып, түсінбеушілікке ұрынасыз. Ал негізгі жауапкершілікті уақытта сіз өзіңізді қолға алаласыз

4 ұпай және одан төмен. Сіз өте алаңсыз, сондықтан бұл қасиет өміріңіздің көптеген жағымсыз ситуацияларына себепші болып табылады. Сізге бұл қасиеттіңізді бетіңізге тіке айтқан жағдайда да, сіз ренжімейсіз, себебі басқа нәрсені ойланып тұрасыз да, айтқан сөзге мән бермейсіз. Бірақ, бұл қылығыңызбен айналадағы адамдарды ашуландырасыз. Осыған орай өзіңізді тәрбиелеңіз.

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Осы лабораторлық сабақтың арқасында зейін және оның эксперименталдық зерттеулері, іс-әрекет және зейін, зейіннің негізгі жүйесі жан-жақты ашылып қоймай, тапсырмалар арқылы зейін жүйелерін талдадық, зейіннің негізгі феномендерін аштық, зейіннің негізгі функцияларын қарастырдық. Зейінді –зейінсіз деген тестіні қолдандық.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 9

ЖҰМЫС АТЫ:

ЗЕРТТЕУЛЕР ГИПОТИЗАСЫН АНЫҚТАУ

Жұмыс мақсаты:

1. Классикалық психологиялық концепцияларының құрамын талдау.
2. Адамзат танымының логикасы.
3. Ассоциативтік психология зерттеулері.
4. Структурализм мен гештальтизм.
5. Функционалдық психология концепцияларының зерттеулері.
6. Бихевиоризм зерттеулері.
7. Психологиялық энергетизм түсініктерін зерттеу.
8. Іс-әрекет психологиясы туралы концепцияларын талдау.
9. Теоретико-эмпирикалық логика зерттеулері.

Тапсырма

1. Психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру.
2. Зерттеудің эмпирикалық бөлімін ұйымдастыру.
3. Психологиядағы заң мәселесін қарастыру.
4. Біқтималдық теориясының ғылыми құрылымын талдау.

Теориялық түсінік

Ассоцианизм – психологиялық теория, ассоциация заңының мазмұны.

Бихевиор – ағылшын тілінен мінез-құлық мағынаны білдіреді.

Бихевиористер психиканы мінез-құлықтың әртүрлі көріністері, организмнің сыртқы әсерге (стимул) қайтаратын жауап реакцияларының жиынтығы деп қарастырған.

Гештальт – неміс сөзі бейне, түр, құрылым деген ұғымдарды білдіреді.

Гипотеза – жүргізіліп жатқан зерттеулерінің білімі мен тәжірибесіне негізделген жаңа ой.

Эксперименталдық зерттеулерінің бөлек психикалық процесстері – сенсорлық, перцептивтік, интеллектуалдық, мнемикалық т.б.

Психикалық процесстерінің алғашқы классикалық теориялар ішкіпсихологиялық болып табылады.

Психикалық процесстерді ұйымдастыру принципі – олардың бір бірімен байланыс тәсілі.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Бұл лабораториялық сабақ каузалдық гипотезаларды тексеруіне бағытталған эксперименттердің ұйымдастыру және жүргізу мәселелеріне аралады.

Психологиялық концепцияларындағы негізгі ұғымдарының кейбір логикалық-теоретикалық арақатынастары талданады.

Психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру барысындағы алғашқы

7 принциптер ұстанымы ашылды.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. Джордж К. Хоманс (Homans, 1967).

2. Солсо Р.Л., МакЛин М.К. Экспериментальная психология. – Спб., 2003. –С. 28-29.

3. Веккер Л.М. Психика и реальность. Единая теория психических процессов. – М.,1998. – С. 27-54.

4. Д. Гартли, Дж. Пристли ассоцианизм концепциясы.

5. Вунд-Титченер. Структуралық бағыт.

6. К. Штумпф. Еуропалық функционализм.

7. К.Халл. Гипотеко-дедуктивтік бихевиоризм.

8. Э. Торндайктың бихевиоризм алды концепциясы.

9. Э.Толменнің необихевиоризм бағыты.

Жұмысты орындау реті

1. Психологиялық зерттеулерді ұйымдастырып қарау.

2. Зерттеудің эмпирикалық бөлімін ұйымдастыру.

3. Психологиядағы заң мәселесін қарастыру.

4. Ықтималдық теориясы мен ғылыми теория құрылымын талдау.

Бақылау сұрақтары

1. Структурализм мен гештальтизмді ашыңыз.

2. Функционалдық психология концепцияларының зерттеулерін анықтаңыз.

3. Бихевиоризм зерттеулерінің негіздеріне тоқталыңыз.

4. Курт Левинның динамикадағы топологиялық өрісі.

5. Э. Торндайктың эффект заңы.

6. Пьер Жаненның психологиялық күш және психологиялық қуат туралы айтыңыз.

7. З. Фрейдтың психикалық энергия формасын сексуалдық сфера ретінде қарастыруы туралы.

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.

2. Тапсырма.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты

Зерттеулер гипотизасын анықтау

- классикалық психологиялық концепцияларының құрамын талдау;
- адамзат танымының логикасы;
- ассоциативтік психология зерттеулері;
- структурализм мен гештальтизм;
- функционалдық психология концепцияларының зерттеулері;
- бихевиоризм зерттеулері;
- психологиялық энергетизм түсініктерін зерттеу;
- іс-әрекет психологиясы туралы концепцияларын талдау;
- теоретико-эмпирикалық логика зерттеулері.

2. Тапсырма


- психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру;
- зерттеудің эмпирикалық бөлімін ұйымдастыру;
- психологиядағы заң мәселесін қарастыру;
- ықтималдық теориясының ғылыми құрылымын талдау.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы



4. Схемалар мен графиктер

а) Психологиядағы қалыптасқан 5 тарихи бағыттар



ә) У. Дж. МакГайердың психологиялық зерттеулерін ұйымдастыру барысындағы ұсынып отырған 7 принципі

1. «Бір қол шапалағының дыбысы»
2. «Бұл тұңғыш хаосында ақиқат ретінде паттернді анық ажырата аламыз»
3. «Бақыландар, мәліметтерді емес адамдарды бақыландар»
4. «Болашақты кәзір көріндер, кәзіргіні өтіп кеткеннен іздеңдер»
5. «Жаңа методологиядағы себептілік туралы куәландыратын корреляциясы»
6. «Кедейліктің байлығы»
7. «Үлкен ақиқатта қарамақайшы ақиқат бар»

5. Есептемелер (расчеттар)

Дэвид Майерс лонгитюд пен жасерекшелік (анализ) әдістерін салыстырды. Зерттеулерді талдап отырып жасерекшелік мүмкіндіктерінің мәселелерін көтерді.

Статистикалық гипотеза (H_0)

Мағыналығының деңгейі (p)

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Лабораториялық жұмыстың мақсаты толық меңгерілді. Классикалық психологиялық концепцияларының құрамын талдап отырып, оның әртүрлі теориялық негіздерінің айырмашылықтарын анықтадық. Адамзат танымының логикасы, ассоциативтік психология зерттеулері, структурализм мен гештальтизм, функционалдық психология концепцияларының зерттеулері, бихевиоризм зерттеулері, психологиялық энергетизм түсініктерін зерттеу, іс-әрекет психологиясы туралы концепцияларын талдау, теоретико-эмпирикалық логика зерттеулері сияқты сұрақтар толық қарастырылды.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 10

ЖҰМЫС АТЫ:

БІРФАКТОРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Жұмыс мақсаты:

1. Эксперименталдық ауыспалылар және оларды бақылау тәсілдері.
2. Эксперименталдық жоспар I: бірфакторлық жоспар.
3. Ауыспалылардың ішкітоптық бақылауы.
4. Экспериментті жоспарлау және бақылау.

Тапсырма

1. Тәуелсіз және тәуелді ауыспалыларды зерттеу.
2. Бір фактор – екі деңгей: субъектаралы бірфакторлы жоспарларды, ішкісубъектті бірфакторлы жоспарларды, бірфакторлы екідеңгейлі жоспарларды талдау.
3. Бір фактор – екі деңгейден жоғары: субъектілерді көпдеңгейлі жоспарларды, ішкісубъектті көпдеңгейлі жоспарларды талдау.
4. Айырмашылықтарды бақылау типтерін өткізу.
5. Ғылыми қорытындылар жасау.
6. Бақылау типтерін анықтау.

7. Эксперименталдық және бақылау топтарын пайдалану.

Теориялық түсінік

Гипотеза себеп пен салдар негіздерінен тұрады.

Тәуелді ауыспалы - бұл өлшемдер нәтижелері бойынша қорытынды сандық сипаттамасы.

Бірфакторлық жоспарлар өзіне бір факторды тәуелсіз ауыспалы, екі деңгей немесе градация түрінде қосады

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Эксперименталдық ауыспалылар және оларды бақылау тәсілдері қарастырылады.

Эксперименталдық жоспар I: бірфакторлық жоспар, ауыспалылардың ішкітоптық бақылауы, экспериментті жоспарлау және бақылау түрлері анықталады.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. Психологиялық әдістер теориясы бойынша В.Дж. Андервудили, М.Мэтлиннің тәуелсіз ауыспалылар эксперименттері ұсынылады.

2. Йеркс – Додсон заңы.

3. Д. Гудвин. Әдістер және жоспарлау. – СПб.,2004. – С. 243-265.

4. Блекмор және Купер (Blackmore & Cooper, 1970) бірфакторлық жоспар бойынша тәуелсіз топтарға өткізілген зерттеулер.

5. Блэгров (Blagrove, 1996) теңдеулі топтарға өткізілген зерттеулер.

6. Кнеппер (Knepper, Obrzut & Copeland, 1983) эквиваленттік емес топқа өткізілген зерттеулер)

7. Дж. Ридли Струп теңдеуі.

Жұмысты орындау реті

1. Тәуелсіз және тәуелді ауыспалыларды зерттеулерін өткізу қажет.

2. Бір фактор – екі деңгей: субъектірлі бірфакторлы жоспарларды, ішкісубъектті бірфакторлы жоспарларды, бірфакторлы екідеңгейлі жоспарларды талдауларды жасау.

3. Бір фактор – екі деңгейден жоғары: субъектірлі көпдеңгейлі жоспарларды, ішкісубъектті көпдеңгейлі жоспарларды талдауларды қолдану.

4. Айырмашылықтарды бақылау типтерін өткізу керек.

5. Ғылыми қорытындылар жасап үйрену.

6. Бақылау типтерінің анықтамаларын салыстыру.

7. Эксперименталдық және бақылау топтарының зерттеулерін пайдалану.

Бақылау сұрақтары

1. Джеймс Гибсонның қабылдау теориясы туралы ашыңыз.

2. Тәуелді топтарға арналған Стьюдент критерияларының бақылаулары.

3. Субъектаралы бірфакторлы жоспарларды қалай құрастырамыз.

4. «Моцарт эффектісі» туралы айтыңыз.

5. Блэгров (Blagrove, 1996) теңдеулі топтарға арналған зерттеулерін ұсыныңыз.

6. Негізгі экспериментальды жоспар: факторлы жоспар, латын және грек.

7. Даранды және дарынды емес балаларының қабілеттерінің айырмашылықтары.

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.

2. Тапсырма.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты

Бірфакторлық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу

- эксперименталдық ауыспалылар және оларды бақылау тәсілдері;
- эксперименталдық жоспар I: бірфакторлық жоспар;
- ауыспалылардың ішкітоптық бақылауы;
- экспериментті жоспарлау және бақылау.

2. Тапсырма


- тәуелсіз және тәуелді ауыспалыларды зерттеу;
- бір фактор – екі деңгей: субъектаралы бірфакторлы жоспарларды, ішкісубъектты бірфакторлы жоспарларды, бірфакторлы екідеңгейлі жоспарларды талдау;
- бір фактор – екі деңгейден жоғары: субъектаралы көпдеңгейлі жоспарларды, ішкісубъектты көпдеңгейлі жоспарларды талдау;
- айырмашылықтарды бақылау типтерін өткізу;
- ғылыми қорытындылар жасау;
- бақылау типтерін анықтау;
- эксперименталдық және бақылау топтарын пайдалану;

3. Құрылымдық зерттеу схемасы



4. Схемалар мен графиктер


а) Тал (деревя) шешімі – бірфакторлық жоспар



ә) төрт бірфакторлық жоспарларының ерекшеліктері

Жоспар түрі	Тәуелсіз ауыспалымен қабылданатын ең аз сан мағынасы	Субъектірлі және ішкісубъекті тәуелсіз ауыспалы	Тәуелсіз ауыспалының түрі	Эквиваленттік топтарды құру тәсілі
Тәуелсіз топтармен	2	Субъектірлікті	Басқарымды	Кездейсоқ реттеу
Теңдеулі топтармен	2	Субъектірлікті	Басқарымды	Теңдеу
Эквиваленттік емес топтармен	2	Субъектірлікті	Субъекті	Эквиваленттік еместікті теңдеу төмендету мүмкін
Қайталанбалы өлшемдермен	2	Ішкісубъекті	Басқарымды	Жоқ

б) Струп зерттеулерінің алғашқы екі эксперименттерінің мәліметтері



5. Есептемелер (расчеттар)

Операциялық анықтама ретінде (IQ = 130 және одан жоғары) – дарынды (60-110 арадығы) – орта

Қайталанбалы позициялық теңдеу (ABBA)

RCNd (Чтение Название Цветов, напечатанных черным) – қарамен жазылған түстердің атын оқу.

NCWd (Чтение Название Цветов, напечатанных различным) - әртүрлімен жазылған түстердің атын оқу.

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

- бір фактор – екі деңгей: субъектаралы бірфакторлы жоспарларды, ішкісубъектты бірфакторлы жоспарларды, бірфакторлы екідеңгейлі жоспарларды талдау;
 - бір фактор – екі деңгейден жоғары: субъектаралы көпдеңгейлі жоспарларды, ішкісубъектты көпдеңгейлі жоспарларды талдау;
 - айырмашылықтарды бақылау типтерін өткізу;
 - ғылыми қорытындылар жасау;
 - бақылау типтерін анықтау;
 - эксперименталдық және бақылау топтарын пайдалану;
- Жұмыс берілген ретінде орындалады.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 11 **ЖҰМЫС АТЫ: ЭКСПЕРИМЕНТТЕР**

Жұмыс мақсаты:

1. Эксперимент – 1.
2. Эксперимент – 2.
3. Эксперимент -3.

Тапсырма

1. Сатып алушыға продуктының бағасын қалай жариялайсыз?
2. Қимыл-қозғалысты дағдыны ойша шынықтыру.
3. Испан тілін меңгеруіне арналған екі әдіс.

Теориялық түсінік

Эксперимент – бұл зерттелінушінің бақылау шарттарының арқасында зерттеушілік процедура.

Психологиялық зерттеулерінің негізгі түрлері: лабораториялық, табиғи.

Психологиялық зерттеулерінің методологиялық ерекшеліктерінің бірі айрықша қасиеті бар процесс.

Эксперименттің ғылыми мағыналығы – кейбір тұрақты заңдылықтарын анықтау.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Эксперимент жүргізіледі. Эксперименталдық гипотеза қойылады. Әдістеме қолданылады. Мақсаты анықталады. Нәтижелер жинақталады. Қорытынды анықталады.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. Гейтвуд және Перлофф (1973, б.81).
2. Статъя «Заботы продавца» («Век рекламы», 1969, с.3).
3. Дирк Пратер (1973, с. 353) самолетті Т-37 тренажерсыз,қысқа уақытта қондыру.

Жұмысты орындау реті

1. «Сатып алушыға продуктының бағасын қалай жариялайсыз?» экспериментін өткіземіз.
2. Қимыл-қозғалысты дағдыны ойша шынықтыру екінші экспериментік жасаймыз.
3. Испан тілін меңгеруіне арналған екі әдіс үшінші экспериментті қолданамыз.

Бақылау сұрақтары

1. Экспермент деген не?
2. Эксперименттің түрлері.

3. Экспериментті жоспарлау, жүргізу, талдау.
4. Жаңа эксперименттерді жүргізу мүмкіндіктері.
5. Ішкі валидтілікке жетуіне кедергі жасайтын кейбір факторларды жою.
6. Топтың үш стратегиясы: кездейсоқ с., жұптарды үйлестіру с., қабат-қабатты кездейсоқ реттеу с.
7. Әдістеме деген не?
8. Эксперименталдық гипотеза туралы айтыңыз.
9. Эксперименттік шарттар қандай болады?

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты


Эксперименттер

- эксперимент – 1;
- эксперимент – 2;
- эксперимент -3.

2. Тапсырма


- сатып алушыға продуктының бағасын қалай жариялайсыз?
- қимыл-қозғалысты дағдыңы ойша шынықтыру;
- испан тілін меңгеруіне арналған екі әдіс.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы




4. Схемалар мен графиктер

а) бірінші экспериментті жүргізу



ә) екінші экспериментті жүргізу



б) үшінші эксперимент



5. Есептемелер (расчеттар)

Бірінші Эксперимент бойынша: Эксперименталдық шарт А – пакеттің салмағы мен бағасы, Б - есептегіш құралын пайдалану, В – продуктының бағасы.

Әдістеме «Сатып алушыға продуктының бағасын қалай жариялайсыз?» 75 – өз еркімен қатысушы зерттелінушілер, олардың ішінде 64 әйелдер, 75 тен 60 колледжде біржылдық курс бітірген. Жасерекшелік: 20-29 жас аралығында - 48адам, 30-39 аралығында – 17, 40тан жоғары – 10 (Гейтвуд және Перлофф, 1973, с.82)

Продуктқа қойылатын бағасы туралы хабарламаның үш түріне арналаған дұрыс таңдаулар саны мен жіберілген уақыты

	А	Б	В	А	Б	В
Орта	5,78	5,96	8,04	23,93	31,72	3,60
Стандарттық ауытқушылық	1,31	1,57	0,45	10,00	9,57	1,11

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Эксперименттер жүргізілді. Жабдықталған лабораториялық аудитория өте қажет. Бірінші эксперименттің эксперименттік гипотезасы расталды.

Екінші эксперимент зерттеу гипотезасының дұрыстығын дәлелдеді. Үшінші экспериментте жаңа әдістің күнделікті оқытудың әдісіне әсері мен ерекшеліктері анықталды.

Жалпы жүргізілген жаңа әдістер студенттердің бойына қызығушылықты оятады.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 12
ЖҰМЫС АТЫ:
ЗЕРТТЕУДІҢ ФАКТОРЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Жұмыс мақсаты:

1. Факторлық жоспар.
2. II эксперименталдық жоспар
3. Факторлық жоспар негіздері.
4. Нәтижелер: негізгі эффект және арақатынас.

Тапсырма

1. Факторлық жоспардың құрылуы барысындағы орындалатын шарттармен танысу.
2. Факторлық жоспар анықтамасын ұғыну.
3. Чи эксперименті: үлкендер мен балалардың шахматтық фигураларын және сандарын есте сақтауын қабілеттерін анықтау.
4. Материалдарды меңгеруіндегі қайта тексеруден өткен нәтижелерінің орта көрсеткіштері нақтылау.

Теориялық түсінік

Факторлық жоспарды зерттеушілер екі немесе одан көп тәуелсіз ауыспалылардың тәуелді ауыспалыларға әсерін анықтау үшін қолданады.

Келесе тізім бойынша факторлық жоспарды құру керек: шарттарды қалыптастыру, тәуелсіз ауыспалылардың комбинациясы, эксперименталдық тапсырмалар санына немесе зерттелінуші топтар санына талап қою.

Факторлық зерттеу екі түрлі нәтижені береді: негізгі эффект және арақатынасын.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Факторлық жоспардың мәнінің ашылуы. II эксперименталдық жоспар туралы мәлімет берілуі. Факторлық жоспар негіздері анықталуы.

Негізгі эффект және арақатынас нәтижелерін талдануы.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. Р.Л. Солсо, М.К. МакЛин. Факторлық жоспар. – СПб., 2003. –С. 57-63.
2. Факторлық жоспар 2×2. (Chi, 1978).
3. II эксперименталдық жоспар. Д. Гудвин. – СПб., 2004. –С.275-282.

Жұмысты орындау реті

1. Факторлық жоспардың құрылуы барысындағы орындалатын шарттармен танысамыз.
2. Факторлық жоспар анықтаймыз.
3. Чи эксперименті: үлкендер мен балалардың шахматтық фигураларын және сандарын есте сақтауын қабілеттерін анықтаймыз.
4. Материалдарды меңгеруіндегі қайта тексеруден өткен нәтижелерінің орта көрсеткіштері нақтылаймыз.

Бақылау сұрақтары

1. Факторлық жоспарлар негіздері.
2. Нәтижелер: негізгі эффект және байланыс.
3. Тізім бойынша факторлық жоспардың құрылуы.
4. Зерттеулерінің өзекті аспектілері.
5. Баланың әрекет-қылығын анықтайтын факторлар.
6. Екі ауыспалылар: мейірімділік немесе өшпенділік жүйесі және бақылау деңгейі.

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты

Зерттеудің факторлық жоспары


- факторлық жоспар;
 - II эксперименталдық жоспар;
 - факторлық жоспар негіздері.
4. Нәтижелер: негізгі эффект және арақатынас.

2. Тапсырма

- факторлық жоспардың құрылуы барысындағы орындалатын шарттармен танысу;
- факторлық жоспар анықтамасын ұғыну;
- Чи эксперименті: үлкендер мен балалардың шахматтық фигураларын және сандарын есте сақтауын қабілеттерін анықтау;
- материалдарды меңгеруіндегі қайта тексеруден өткен нәтижелерінің орта көрсеткіштері нақтылау.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы


Зерттеудің факторлық жоспары



4. Схемалар мен графиктер


а) 2×2 жоспар концепциясы

В (стимул) – Ауыспалы




ә) Чи экспериментінің схемасы (шахматтық фигуралар мен сандарды есте сақтау), 1978.

В (жасерекшелік) - Ауыспалы



б) шахматтық фигуралар мен сандарды есте сақтау Чи эксперименті (1978)



в) екі деңгейлі ауыспалы А (қайта тексеру) және төрт деңгейлі ауыспалы В (кері байланыс кідірісі) процедураларынан тұратын факторлық жоспар

Ауыспалы В
(кері байланыс кідірісі)

Ауыспалы А
(қайта тексеру)

	↓	↓	↓	↓
	1 Деңгей	2 Деңгей	3 Деңгей	4 Деңгей
	A1 – B1	A1 – B2	A1 – B3	A1 – B4
	A2 – B1	A2 – B2	A2 – B3	A2 – B4

5. Есептемелер (расчеттар)

Кері байланыс кідірісі:

	Кідіріс жоқ	2,5 сағат	1 күн	4 күн	Ортаңғы көрсеткіш
Дереу қайта тексеру	15,1	16,7	16,9	16,7	16,4
Кейінгі уақытқа қойылған қайта тексеріс	13,0	15,4	16,0	14,6	14,8
Ортаңғы көрсеткіш	14,1	16,1	16,5	15,7	

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Біріншіден факторлық жоспар тәуелсіз ауыспалы сандарын және деңгей сандарын көрсететін нумерация жүйесі көмегімен сипатталынады. Мысалы, 2×3 факторлық жоспар екі тәуелсіз ауыспалыдан тұрады. Біріншісі ауыспалы екі мағыналы, ал екіншісі үш мағыналы болып табылады. 3×4×5 үш ауыспалылар 3,4,5 мағыналы болып табылатын анықтадық. Ес зерттеулері 2×2 факторлық жоспарлар арқылы нақтыланды, оның ішінде «есте сақтау тәсілінің» тәуелсіз ауыспалылары (бейне

немесе механикалық қайталау) және «көрсеткіш жылдамдылығы» екі деңгейден тұрады.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 13

ЖҰМЫС АТЫ:

ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЭКСПЕРИМЕТ МОДЕЛДЕРІ. ВАЛИДТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұмыс мақсаты:

1. Эксперимент – 1.
2. Эксперимент – 2.
3. Эксперимент – 3.
4. Эксперименттің жоспарлау негіздері.
5. Әлеуметтік психологиядағы және қолданбалы зерттеулердегі эксперимент моделі.

Тапсырма

1. «Тігін өндірісіндегі шу». Эксперимент – 1
2. «Фортепиано пьесаларын жаттауына» арналған екі әдістерін салыстыру. Эксперимент – 2
3. «Қызанақ шырынын» сортын таңдау. Эксперимент – 3
4. Кәдімгі жоспарлар және сәтті жоспарлар.

Теориялық түсінік

Валидтілік түрлері: сыртқы валидтілігі, статистикалық қорытындылар валидтілігі, зерттеу процедураларының валидтілігі.

Валидтілік – зерттеу қорытындыларының нақтылығы.

Эксперимент – эксперименталдық нәтижелерді қорытындылау.

Эксперимент типі - теориядан тыс табиғат, оның мақсаты тек қана практикалық болып табылады.

Ауыспалы – бізді қызықтыратын шынайының айырмашылықтары.

Эксперименталдық гипотеза – алдан-ала ойлану, сезе білу.

Мақсат – бақталастық гипотезаларды нақты тексеру, дұрысын анықтау.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Шарттар жетістіктеріне үшін қажетті шаралар көлемі, соның ішінде зерттеулер валидтілігімен шындалған туралы Р. Готсданкер жұмыстарында жақсы көрсетілген.

Тігін өндірісіндегі шу деңгейін төмендету анықтамасының нәтижелерін Британ қызметкерлері Х.К. Вестон, С.Адаме Ланкаширлік тігін цехінде (1932) эксперимент өкізген.

«Тігін өндірісіндегі шу» экспериментінде құлаққаптарды *пайдалану* немесе *пайдаланбау* тәуелсіз ауыспалыларға жатадындығы айтылған.

«Фортепиано пьесаларын жаттау» экспериментінің жоспары ұсынылған.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. Д. Кэмпелл. Алты негізгі эксперименталдық жоспарлар.
2. Р. Готсданкер. Психологиялық эксперимент негіздері. – М., 1982. – С. 16-31.
3. Джек Амадей Моцарт студенттің «Фортепиано пьесаларын жаттау» атты эксперименті.
4. «Қызанақ шырынын» сортын таңдау әдісі. «Баддин Билл» және «Дж.Дж. Риттенхауз» сорттары қатысты.
5. Уистон және Адамс, 1932, с. 56. Қоршаған ортаның шарттарының әсері туралы.

6. Ростлисбергер және Диксон, 1946. Хауторн (Иллинойс) аумағындағы цехтың өндірістік жұмысына электрожарықтың әсері туралы эксперимент көрсетілген.

Жұмысты орындау реті

1. «Тігін өндірісіндегі шу». Эксперимент – 1
2. «Фортепиано пьесаларын жаттауына» арналған екі әдістерін салыстыру. Эксперимент – 2
3. «Қызанақ шырынын» сортын таңдау. Эксперимент – 3
4. Кәдімгі жоспарлар және сәтті жоспарлар.

Бақылау сұрақтары

1. Нәтижелерді өңдеу барысындағы сандық шкалалар түрлері қандай?
2. Қолданбалы зерттеулеріндегі эксперимент моделдерін ашыңыз.
3. Валидтілік мәселелерін көтеріңіз.
4. Д. Кэмпбеллдың еңбегіндегі қандай негізгі эксперименталдық жоспарлар қарастырылған?
5. «Тігін өндірісіндегі шу» экспериментінде қанша тігінші қатысты және қанша апта уақыты жүргізілді?
6. Эксперимент деген не?
7. Эксперименттің шарттары қандай?
8. Зерттеушінің сөздігінен негізгі терминдерді атаңыз
9. Тәуелсіз ауыспалы, тәуелді ауыспалы туралы ашыңыз.
10. Джек Амадей Моцарт «Фортепиано пьесаларын жаттау» экспериментінде қандай әдістерді қолданды? (тұтас және бөлшектелінген әдістері).

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты

Қолданбалы зерттеулеріндегі эксперимент моделдері. Валидтілік мәселелері

- эксперимент – 1;
- эксперимент – 2;
- эксперимент – 3;
- эксперименттің жоспарлау негіздері;
- Әлеуметтік психологиядағы және қолданбалы зерттеулердегі эксперимент моделі.

2. Тапсырма

- «Тігін өндірісіндегі шу» экспериментін талдау;
- «Фортепиано пьесаларын жаттау» экспериментіне арналған екі әдістерін салыстыру қажет;
- «Қызанақ шырынын» сортын таңдау экспериментін ашу;
- кәдімгі жоспарлар және сәтті жоспарларды сараптау;
- әр экспериментке байланысты эксперименталдық тапсырмаларды өз ретімен құрастыру.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы

Шынайы әлемнің «егізді көрсетілімдерінің» эксперименттері

Эксперимент 1

«Тігін өндірісіндегі шу»

Эксперимент 2

«Фортепиано пьесаларын жаттау»

Эксперимент 3

«Қызанақ шырпының» сортын таңдау


Эксперименттің жоспарлау негіздері (Р Готсданкер бойынша)




Мінсіз экс.



Ізгі экспер.



Шексіз экспер.



Толық жарамды экспер.

4. Схемалар мен графиктер

а) эксперименттің екінші шарты – хаттама (эксперимент -2)

Хаттама



5. Есептемелер (расчеттар)

Бірінші эксперименттің есептемелері: құлаққапсыз, аудиометр арқылы алынған өлшем 96дБ-ға тең; құлаққапты қолданған жағдайда шу деңгейі 87 дБ-ға төмендетіледі; кәдімгі әңгімелесуының дыбыс күші 60 дБ-ға тең; бұл экспериментте 10 тігінші әйелдер 26 апта бойы қатысты.

Екінші экспериментте Дж. Моцарттың ұсынып отырған хаттамасы бойынша:

а) Бетховен. Соната № 30

- ә) Бетховен. Соната № 31
- б) Дебюсси. Сюита для фортепиано
- в) Равель. Соната

екі шығарманы тұтас, екі шығармана бөлшектеп жатауына жоспар құрады.

Үшінші «Қызанақ шырынын» таңдау экспериментінде 22 жасар әйел адам зерттелінушіге эксперименталдық материал ретінде үш қорап 6 данадан стандарттық (5,5 унцийдан) тұратын «Дж.Дж. Риттенхаун» және «Баддин Билл» қызанақ шырындары ұсынылды.

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Қолданбалы зерттеулеріндегі эксперимент моделдерін ашылды, валидтілік мәселелерін, Д. Кэмпбеллдың еңбегіндегі негізгі эксперименталдық жоспарлар, эксперименттің шарттары, зерттеушінің сөздігінен негізгі терминдерді қарастырдық, тәуелсіз ауыспалы, тәуелді ауыспалы туралы эксперименттер жүргізілді.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 14 **ЖҰМЫС АТЫ:** **КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Жұмыс мақсаты:

1. Корреляциялық зерттеулер: тәжірибеден алынған оқиғалар.
2. Корреляциялық жолдар және эксперименталдық зерттеулер.
3. Корреляциялық зерттеуді жоспарлау.

Тапсырма

1. Тәжірибеден алынған оқиғаларды талдау.
2. Корреляциялық гипотезаны ауыспалылар арасындағы байланыстар туралы гипотеза ретінде қарастыру
3. Корреляциялық зерттеуді жоспарлау ретімен танысу.

Теориялық түсінік

Корреляциялық зерттеу екі ауыспалылар байланыстарын зерттеуге бағытталған.

«Зерттеу» термині «эксперимент» терминнің орнына қолданылады.

Корреляциялық әдістің көмегімен зерттеуге болатын психологиялық ауыспалылар үлгісі интеллект болып табылады.

Интеллект коэффициенті сан көрсеткіштері арқылы сипатталады.

Ковариация, немесе корреляция - ауыспалыларды зерттеу.

Корреляциялық әдіс – ауыспалылар өлшемдеріне көшу негізінде қарастырылады.

Гипотеза әддісі – байланыстар туралы гипотеза.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Корреляциялық зерттеу туралы. Эксперименттен айырмашылығы. Қалыптасқан сипаттамалар байланыстары туралы гипотезалар. Зерттелінушілер санына (количество) қойылатын талап. Статистикалық әдістерді қолдану. Корреляция матрицасы. Ауыспалылар арасындағы себепті қатынастар сипаттамасы.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. Т.В. Корнилова Эксперименталдық психология. Теория және әдістер. – М.,2003. – С .269-275.
2. Р.Л. Солсо, М.К. МакЛин. Эксперименталдық психология. – СПб. 2003. –С 34-35.
3. В.Н. Дружинин. Эксперименталдық психология. –М. 1997. –С. 165-175.

Жұмысты орындау реті

1. Корреляциялық зерттеулерге тиісті тәжірибеден алынған оқиғаларды талдау қажет.
2. Корреляциялық гипотезаны ауыспалылар арасындағы байланыстар туралы гипотеза ретінде қорытындылау.
3. Корреляциялық зерттеуді жоспарлау ретімен танысу және жүзеге асыру.

Бақылау сұрақтары

1. Корреляциялық зерттеу қандай әдісті ұсынады?
2. Екі немесе одан көп ауыспалылар арасындағы еңгізілген корреляцияның статистикалық мағынасы неде?
3. Жүгіру жылдамдығын корреляциялық әдісі арқылы екі ауыспалыларды анықтаңыз.
4. Корреляциялық зерттеуінің жолдарын ашыңыз.
5. Құрылымдық корреляциялық зерттеу анықтамасы.
6. Корреляциялық зерттеу жоспарының негізгі артефактері.
7. Жұпты эквиваленттік бір топты бірөлшемді зерттеу.
8. «Шикі» мәліметтерінің матрицасы.
9. Корреляциялық зерттеу теориясы.
10. Кездейсоқ корреляция.
11. Тіке корреляциялық байланыс.
12. Йеркс – Додсон заңы.
13. Корреляция және себеп.

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

1. Жұмыстың аты және мақсаты

Корреляциялық зерттеулерді қолдану

- корреляциялық зерттеулер: тәжірибеден алынған оқиғалар;
- корреляциялық жолдар және эксперименталдық зерттеулер;
- корреляциялық зерттеуді жоспарлау;

2. Тапсырма


- тәжірибеден алынған оқиғаларды талдау;
- корреляциялық гипотезаны ауыспалылар арасындағы байланыстар туралы гипотеза ретінде қарастыру;
- корреляциялық зерттеуді жоспарлау ретімен танысу.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы




4. Схемалар мен графиктер

а) корреляциялық зерттеу типтері



ә) Корреляциялық зерттеуінің негізгі артефактер



5. Есептемелер (расчеттар)

$P \times O$ (зерттелінушілер \times өлшем)

$P \times O \times P$

-

$x_i - x$

$z = \frac{\quad}{\sigma}$, ауыспалылардың статистикалық өлшемі

$T \times N$, T - зерттелінушілер саны, N – тестер саны

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Корреляциялық зерттеу әдістері, екі немесе одан көп ауыспалылар арасындағы енгізілген корреляцияның статистикалық зерттеулері ұйымдастырылды. Мысалы, жүгіру жылдамдығын корреляциялық әдісі арқылы екі ауыспалыларды анықталды. Корреляциялық зерттеуінің жолдарын ашылды Құрылымдық корреляциялық зерттеу анықтамасы, корреляциялық зерттеу жоспарының негізгі артефактері сарапталды. Жұпты эквиваленттік бір топты бірөлшемді зерттеу, «Шикі» мәліметтерінің матрицасы қарастырылды.

Корреляциялық зерттеу теориясы ашылды. Кездейсоқ корреляция, тіке корреляциялық байланы, Йеркс – Додсон заңы, корреляция және себеп деген сұрақтар талқыланды.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 15

ЖҰМЫС АТЫ:

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

Жұмыс мақсаты:

1. Ғылыми зерттеулерінің әдістері.
2. Бақылау.
3. Әдістер жиынтығын қолдануының мәнділігі.
4. Тұлғаны зерттеу әдістері және принциптері.
5. Мәліметтерді сапалы талдау ғылыми зерттеуінің құралы ретінде

Тапсырма

1. Ғылыми зерттеулерінің әдістерін талдау.
2. Бақылау әдісін қолдану.
3. Жеке жағдайларды зерттеу.
4. Жеке тұлғамен эксперименттің қысқа сипаттамасын анықтау.
5. Зерттеу нәтижелерін қорытындылау.
6. Зерттеу этикасын талқылау.

Теориялық түсінік

Психикалық әрекетті де белгілі мақсатқа байланысты жоспарлап, арнайы белгіленген және мұқият ұйымдастырылған әдістер арқылы зерттейді.

Білгілі жоспар бойынша жүйелі түрде біраз уақыт бойына зерттелуші адамның психикалық ерекшеліктерін қадағалауды байқау әдісі.

Психологияда тәжірибе лабораториялық және тәбиғи болып табылады.

Хроноскоп – психикалық процестердің пайда болу шапшандығын өлшеу үшін арналған құрал.

Эстезиометр – тері түйсігінің сезгіштігін байқау үшін арналған құрал.

Тахистоскоп – зейіннің көлемін анықтау үшін арналған құрал.

Аудиометр – есітуді өлшеу үшін арналған құрал.

Эргографт – денедегі бұлшық еттердің жұмысын тіркеп отыру үшін арналған құрал.

Тәбиғи – зерттеуші өзіне керек құбылысты тәбиғи жағдайда тұдырып отырады.

Тест тапсырмаларын тексеру, жас мөлшерлік норма белгілеу – тест стандарттау.

Лабораториялық жұмыс ұстанымының сипаттамасы

Эксперименталдық зерттеулер әдістері. Жаңа әдістер. Классификация әдістері.

Методологиялық принциптер. Нақты әдістер. Мәселелерді шешу жолдары. Бақылау.

Зерттеу әдістері. Әдістер жиынтығы. Сыртқы валидтілік. Бақылау және әңгімелесу

әдістері. Эксперимент әдістері. Психолого-педагогикалық әдістер. Тұлғаның

зерттеуіндегі зертханалық эксперимент. Сапалық жолдар: апология және сын.

Мәліметтерді сапалы талдау.

Лабораториялық жұмысқа әдістемелік сілтемелер

1. С. Рубинштейн Основы общей психологии. – СПб, 2000 – С.425-431

2. Г. Гейтман, А. Фридлунд, Д. Райсберг. Психология негіздері. / - СПб., 2001. – С. 1009-1038.

3. Nisbett, 1993; Kosonen and Winne, 1995; Perkins and Grotzer, 1997; Halpenb 1998.

4. Barlow and Hersen, 1984.

5. А.Г. Ковалев. Тұлға психологиясы. –М., 1965. – С.49-67.

Жұмысты орындау реті

1. Ғылыми зерттеулерінің әдістерін талдаймыз.

2. Бақылау әдісін қолданамыз
3. Жеке жағдайларды зерттейміз
4. Жеке тұлғамен эксперименттің қысқа сипаттамасын анықтаймыз.
5. Зерттеу нәтижелерін қорытындылаймыз.
6. Зерттеу этикасын талқылаймыз.

Бақылау сұрақтары

1. Ғылыми әдістерін неге қажет?
2. Бақылау әдісінің маңызы.
3. Бақылау және әңгімелесу әдістерін ашыңыз.
4. Зерттеу этикасын ашыңыз.
5. Тұлғаның зерттеуіндегі зертханалық эксперимент туралы айтыңыз.
6. Тест тапсырмаларын тексеру, жас мөлшерлік норма белгілеу қайсы әдіске жатады?
7. Контент – анализ деген не?

Есеп беруіне тиісті сілтемелер

1. Жұмыстың аты және мақсаты.
2. Тапсырма.
3. Құрылымдық зерттеу схемасы.
4. Схемалар мен графиктер.
5. Есептемелер (расчеттар).
6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау.

Мысалы:

1. Жұмыстың аты және мақсаты

Психологиядағы зерттеулердің жаңа әдістері

- ғылыми зерттеулерінің әдістері;
- бақылау;
- әдістер жиынтығын қолдануының мәнділігі;
- тұлғаны зерттеу әдістері және принциптері;
- мәліметтерді сапалы талдау ғылыми зерттеуінің құралы ретінде.

2. Тапсырма

- ғылыми зерттеулерінің әдістерін талдау;
- бақылау әдісін қолдану;
- жеке жағдайларды зерттеу;
- жеке тұлғамен эксперименттің қысқа сипаттамасын анықтау;
- зерттеу нәтижелерін қорытындылау.

6. Зерттеу этикасын талқылау.

3. Құрылымдық зерттеу схемасы



4. Схемалар мен графиктер

а) жеке тұлғамен эксперименттің қысқаша сипаттамасы

Сұрақ қойылымы	Эксперименттің этапы
Тексеретін гипотезасы қандай?	Егерде сыныпта жәй музыка шығып тұрған өзінде де, бала кітапті оқу барысында зейіндірек болады, әріде шоғырланады.
Гипотезасының қайсысы нақтыланады, қайсысы дәлелденбейді?	Егерде музыка барысында баланың кітапті оқу көрсеткіші жоғары болса, онда гипотеза нақтыланады. Төмендетсе, онда гипотеза дәлелденбейді
Тәуелсіз ауыспалы не?	Музыка фонның барлығы немесе жоқтығы

ә) зерттеудің сандық және сапалық критериялары

Дәстүрлі	Альтернативтік
Объективтік	«Дәлелдігі»
Сенімділік	«Қосылымдылығы»
Ішкі валидтілік	«Шындықтылығы»
Сыртқы валидтілік	«Тасымалдығы»

5. Есептемелер (расчеттар)

Физиологиялық көрсеткіштер: ЭЭГ және ПЭТ

А.Ф. Лазурскийдің өткізген эксперимент есептемелерін ұсыну

КАД – мөл.сап. тал. (Томас және Знанецкий)

6. Жұмыс туралы қысқаша қорытындылау

Ғылыми зерттеулерінің әдістерін талданды, бақылау әдісін қолдандымыз жеке жағдайларды зерттедік, жеке тұлғамен эксперименттің қысқа сипаттамасын анықтадық, зерттеу нәтижелерін қорытындыладық, зерттеу этикасын талқыладық. Бұл сабақта үлкен психологиялық білім көлемі қозғалды, ақпарат қалай алынды деген сұрақтарға жауап берілді.

Негізгі әдебиеттер:

1. Бардин К.В. Пороговая проблема в классической и современной психофизике // Проблемы психофизики. – М., 1974.
2. Виноградова О.С., Парамонова Н.П., Соколов Е.И. Анализ физиологических особенностей слуха слабослышащих детей. Ориентировочный рефлекс и проблемы рецепции в норме и патологии. – М., 1962.
3. Гарбузов Н.А. Зонная природа звуковысотного слуха. – М.; Л., 1948.
4. Гершуни Г.В., Кожевников В.А., Марусева А.М., Чистович Л.А., Бюллетень экспериментальной биологии медицины. Т.26,1948

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 63 бет 5,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.